



«Бекітемін»
Е.Дусібеков атындағы
№4 облыстық мамандандырылған
мектеп - лицей - интернат
директоры _____ Қ.Ақышева

**«БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ» ЖОБА БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ
АСЫРУ БАРЫСЫНДА 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

Кітапхана меңгерушісі Г.Баймағанбетова

Кітапханашы Г.Алтынбекова



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістанда өткен ұлттық құрылтайда «Балалар кітапханасы» атты жаңа бағдарламаны жүзеге асыруды тапсырды. Болашақ ұрпақты ұлттық құндылық негізінде тәрбиелеу үшін бүгінде кітаптардың тізімі жасақталды. Оған қазақ әдебиеті тарихының барлық дәуірі мен кезеңін, жанрлық бағытын қамтитын 1770 шығарма енді. «Балалар кітапханасы» бағдарламасында жасақталған тізімнің 76% отандық болса, қалғаны әлем әдебиетінің таңдаулы еңбектері.

Мақсаты:

Оқырмандарды кітап оқуға баулу, кітапханаға оқырман тарту, мектебіміздің талантты, жоғары жетістіктерге жетіп жүрген үздік оқырмандарын насихаттау, тәрбиелік рухани мәні бар кездесулер ұйымдастыру

Міндеті:

Кітап оқу арқылы балалардың еркін ойлауына, көркем әдеби тілде сөйлеуіне, ой-өрісінің дамытуға ықпал ету, кітап оқуды жандандыру, кітап оқу мәселесін ата-аналармен және қоғаммен бірлесіп қолға алу, кітапхана мен оқырманды, оқырман мен үздік оқырмандар арасын жақындастыру, әкес шығармашылық иелерінің дамуына, қалыптасуына жағдай жасау, насихаттау

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
«Балалар кітапханасы»-кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру**

«Балалар кітапханасы» бағдарламасы 2023 жылғы 17 маусымда Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық құрылтай отырысында Мемлекет басшысының тапсырмасы шеңберінде әзірленді.

Бағдарламаның негізінде – әр түрлі кезеңдер мен көркем әдебиет жанрларын қамтитын ұсынылған кітаптар тізіміне сәйкес кітапхана қызметінің мазмұнын және кітапханалардың негізгі қорын жаңарту шаралары қарастырылады.

Тапсырманы орындау аясында мектеп кітапханаларының кітап қорының жағдайы зерттелді. Бүгінгі таңда қорларда 130 миллионнан астам кітап сақталған, оның 40 миллионы ғана көркем әдебиет. Қорлардағы көркем әдебиет қазіргі Қазақстанның шындығын көрсетпейді. Сондықтан кітапханаларды жаңа көркем әдебиетпен қамту ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі 1770 атаудан тұрады және жыл сайын отандық және әлемдік әдебиеттің жаңа үздік шығармаларымен толықтырылып отырады.

Тізімді Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының, Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының, Қазақстан Республикасының Ұлттық Академиялық кітапханасының, Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік Кітап палатасының мамандары, Қазақстан Жазушылар Одағының жанрлық кеңестерінің басшылары, көрнекті ақындар мен жазушылар, республиканың барлық өңірлерінің оқушылары мен мектеп кітапханашылары қатарынан құралған тәуелсіз комиссия құрастырды.

Тізімді дайындау барысында Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері, сондай-ақ мектеп кітапханашылары арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері ескерілді.

Тізімге қазақ әдебиетінің барлық кезеңдері мен мектептері, сондай-ақ барлық әдеби жанрлар (балалар әдебиеті, поэзия, проза, драматургия, ғылыми-танымдық әдебиет, көркем публицистика, көркем аудармалар, ұлттық фольклордың барлық түрлері: ертегілер, аңыздар, поэмалар, айтыстар) кіреді.

Тізімде ұлттық әдебиеттің (74,9%) және әлемдік әдебиеттің (25,1 %) үздік туындылары бар:

21,1% – ежелгі және классикалық әдебиет (Ежелгі әлем мен орта ғасырлардың үлгілері, Алаш арыстары және XX ғасырдың басындағы әдебиет көшбасшылары, кеңестік кезеңдегі қазақ әдебиеті);

39,1% - тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиеті;

11,8% – қазіргі қазақ әдебиеті;

2,9% – шетелде жарияланған Қазақ әдебиеті;

25,1% – шетел әдебиетінің үздік үлгілері.


Ұсынылады:

1) білім беру ұйымдары кітапханаларының және көпшілік кітапханалардың негізгі қорын жаңарту мақсатында және жас оқырманға кітап таңдау құқығын беру мақсатында кітапханаларды барлық 1770 атаудағы кітаптармен қамтамасыз ету;

2) жас оқырман үшін кітап тапшылығын болдырмау мақсатында тізімдегі әрбір кітапты бірнеше данада сатып алу;

3) сатып алынатын кітаптың сапасына назар аудару.

«Балалар кітапханасы» бағдарламасы ұсынылған кітаптар тізіміне сәйкес ескірген әдебиеттерді жаңасына кезең-кезеңімен ауыстыру арқылы кітапханалардың негізгі қорларын жаңартуды ғана емес, сонымен қатар барлық мектептердің кітапхана қызметін цифрландыруды, барлық әдебиеттерді есепке алуды автоматтандыруды, кітапханашылардың біліктілігін арттыруды және оқырмандар қозғалысын ұйымдастыруды қамтиды.



«БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫНЫҢ» ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ МЕН БАҒДАРЛАМА ПАСПОРТЫ

Аты	«Балалар кітапханасы» бағдарламасы (бұдан әрі-Бағдарлама)
Әзірлеу үшін негіздеме	<p>1) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;</p> <p>2) «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы;</p> <p>3) «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы;</p> <p>4) Білім және ғылым вице-министрімен 2021 жылғы 2 сәуірде бекітілген білім беру ұйымдарының кітапханаларын ұзақ мерзімді дамытудың 2021–2025 жылдарға арналған кешенді жоспары және «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру</p>
Бағдарламаны жүзеге асыру мақсаты	Қорды және мектеп кітапханалары қызметінің мазмұнын жаңарту арқылы оқушылардың оқу белсенділігін арттыру және оқу құзыреттілігін дамыту.
Бағдарламаны жүзеге асыру тапсырмалары	<p>1) ұсынылған кітаптар тізіміне сәйкес ескірген әдебиеттерді жаңасына кезең-кезеңімен ауыстыру арқылы көркем әдебиеттің мектеп кітапханалық қорларын жаңарту;</p> <p>2) барлық мектептердің кітапхана қызметін цифрландыру және барлық әдебиеттерді есепке алуды автоматтандыру;</p> <p>3) барлық мектеп кітапханашыларының біліктілігін арттыру;</p> <p>4) білім алушылардың, ата-аналардың және педагогтердің оқу қозғалысына қатысуы арқылы бірыңғай оқырмандық қауымдастықты қалыптастыру</p>
Бағдарламаны жүзеге асыруға жауаптылар	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Жергілікті атқарушы органдар
Жүзеге асыру мерзімдері	2024-2026 жылдар

Күтілетін нәтижелер	<ol style="list-style-type: none"> 1) Мектеп кітапханаларына тұрақты келушілер саны 2026 жылға қарай 1 млн-нан 2 млн-ға дейін артады; 2) 2026 жылға қарай мектеп кітапханаларының негізгі көркем әдебиет қорының бірліктерінің саны 137 млн данадан 143 млн-ға дейін (ұсынылатын кітаптар тізіміне сәйкес жыл сайын 2 млн. данадан) ұлғаяды; 3) Орта мектеп оқушыларының 100% - ы жыл сайын оқу әдебиеттерімен қамтамасыз етіледі; 4) Мектептер мен колледждер кітапханаларының дерекқоры Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің автоматтандырылған цифрлық кітапханасының бірыңғай базасына біріктірілетін болады; 5) 2024-2026 жылдары біліктілікті арттыру курстарынан өткен мектеп кітапханашыларының саны 10 000 адамды құрайды (2024 жылы – 3 мың, 2025 жылы – 3 мың, 2026 жылы – 4 мың); 6) 2026 жылға қарай 100% мектеп кітапханашыларының 2 мың кадрға деген қажеттілігі жабылады; 7) орта мектеп оқушыларының 100% - ы жыл сайын оқу әдебиеттерімен қамтамасыз етіледі; 8) білім алушылардың 100% - ы және ата-аналардың 30%-ы оқу қозғалысының белсенді қатысушылары болады.
Бағдарламаны қаржыландырудың қажетті ресурстары мен көздері	<p>Бағдарламаны қаржыландырудың негізгі көзі бюджет қаражаты болып табылады.</p> <p>Бағдарламаны қосымша қаржыландыру көздері заңнамада тыйым салынбаған басқа да көздер болуы мүмкін: демеушілер, ата-аналар, гранттар алу, қосымша ақылы қызметтер көрсету.</p>

“Балалар кітапханасы” бағдарламасы

Бағдарламаның өзектілігі

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында қазіргі қоғамның үнемі оқитын бөлігінің үлесінің айтарлықтай төмендеуі, БАҚ жаһандануы, электронды аудиовизуалды БАҚ кеңінен қолжетімділігі, экрандық мәдениеттің, әлеуметтік желілердің және ойын-сауық индустриясының дамуы


Сюжеттерге енуге, мәтіндерді талдауға және тілдік құзіреттіліктерін дамытуға көмектеседі. Цифрлық дәуірде оқу дағдыларын дамыту.

Балаларда әлеуметтік байланыс орнату, өзара әрекеттесу қабілетін дамыту. Кітапханада балалардың кездесуі, оқыған кітаптарын талқылауға, тәжірибелерімен, идеяларымен бөлісуге мүмкіндік береді. Әлеуметтік дағдыларды, қарым-қатынас пен өзара түсіністікті дамытуға ықпал етеді.


Әдеби шығармаларды оқу балалардың шығармашылық ойлауы мен қиялын ынталандырады. Кітап оқу арқылы балалар танымы мен дүниетанымы кеңейтіледі. Әртүрлі мәдениеттермен, дәуірлермен, тақырыптармен және идеялармен танысады. Кітап оқу-шынайы көркем тәжірибемен танысу

Бұл бағдарлама әртүрлі жанрларды тануға және инновациялық технологияларды қолдана отырып, сүйікті кітаптарын табуға мүмкіндік береді. Балаларды оқуға және жазбаша мәдениетке баулу азаматтардың жаңа буынын қалыптастырудың қажетті шарты.

Көркем әдебиетті кіріктіру




Сабақтарда оқушылардың бейнелі ой-өрісі дамып, шығармашылық мүмкіндіктері ашылады. Көркем әдебиет арқылы сабақтардың құрылымы нақтылығымен, сыйымдылығымен, орамдылығымен, сабақтың әр сатысындағы оқу материалының логикалық өзара келісімімен, материалдың зор ақпараттық мүмкіндігімен ерекшеленеді



Бұл-уақыттың талабы. Білім берудің ескі мазмұнының орнына жаңасы келуде. Қазіргі қоғам талабына сай бәсекеге қабілетті, шығармашылық тұлға қалыптастыру үшін оқушы өзін құндылық ретінде қабылдауға негіз болатындай қатынас қалыптастыру керек. Қазіргі таңдағы сабақ үрдісіндегі жаңашыл әдістемелердің бірі – пәндерді көркем әдебиетті арқылы оқыту.

Көркем әдебиет арқылы оқу сауаттылығын арттыру

Көркем әдебиетті кіріктіре оқытудың педагогикалық маңызын іс тәжірибеге енгізу арқылы құндылығын көрсету.



Көркем әдебиет арқылы оқыту оқушының дүниетанымын кеңейтеді, ғылыми түсініктерін арттырады. Жаратылыстану бағытындағы пәндерді көркем әдебиет арқылы оқыту қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелейді.

МІНДЕТІ:

- озық педагогикалық технологияларды таңдау және іс-тәжірибеде қолдану.

- жаратылыстану пәндерінде көркем әдебиетті қолдану арқылы қоршаған ортаны қорғау мәселесін қарау;

- сабақ процесінде өзіндік іздену, шығармашылықпен еңбек етудің жолдарын көрсету.

НӘТИЖЕЛЕР:

Оқушының ой өрісін, дүниетанымын, қоршаған ортаға деген көз-қарасын кеңейтеді, дамытады.

Оқушылардың өзіндік білім алу деңгейі артады және логикалық ойлау жүйесі дамиды.

Мұғалімдер жұмысының сапасы артады, шығармашылық жұмыстарға қатысу деңгейі жоғарылайды.

«Поэтикалық марафон» поэзия айы

P/C	Өткізілетін іс- шара түрі	Мақсаты	Уақыты	Жауаптылар
1	Мұқағали Мақатаев «Отан» Алмат Исәділ «Тәртіпті бала» 7 сыныптар	Қазақтың біртуар тұлғаларының өмірі мен шығармашылығы туралы таныса отырып, ақын өлеңдерінің мазмұнын ұғынуға, өлеңді мәнерлеп жатқа оқуға баулу	Қыркүйек	Қазақ тілі пән мұғалімдері
2	Шәкәрім Құдайберді «Насихат» Мұхтар Шаханов «Танакөз» 8 сыныптар			
3	Міржәкып Дулатұлы «Алашқа» Сырбай Мәуленов «Алтын тасқын» 9 сыныптар			
4	Ілияс Жансүгіров «Сағанақ» Олжас Сүлейменов «Атамекен» 10 сыныптар			
5	Тұманбай Молдағалиев «Құстар қайтып барады» Қалқамин Сарин «Ғазал- ғұмыр» Сабыр Адай «Әр қазақ менің жалғызым» Жасарқан Әбдіраш «Көңіл көкпары» Күләш Ахметова «Құт» Мектеп әкімшілігі, Пән мұғалімдері, Мектеп аяждандары, Кішіқызметкерлер, Лаборанттар.			

«Әдебиет әлеміндегі аналар» проза айы

P/C	Өткізілетін іс-шара түрі	Мақсаты	Уақыты	Жауаптылар
1	Оралхан Бөкей «Апамның астауы» <i>7 сыныптар</i>	Жазушының шығармаларымен таныса отырып оқырманның кітап оқуына қызығушылығын арттыру. Тіл байлығын, сөйлеу мәдениетін, өз пікірін айтуға дағдыландыру. Оқырмандарды ананы ардақтай білуге тәрбиелеу	Қазан	Тәрбиешілер
2	Жүсіпбек Аймауытов «Ақбілек» талдау <i>8 сыныптар</i>			
3	Жүсіпбек Аймауытов «Рәбиға» <i>9 сыныптар</i>			
4	Мағзұм Тіесов «Ананың асыл арманы» <i>10 сыныптар</i>			
5	Шерхан Мұртаза «Ай мен Айша» Ғабит Мүсірепов «Ана туралы новелла» Зейнеп Ахметова «Шуақты күндер» Шыңғыс Айтматов «Жәмилә» <i>Пән мұғалімдері</i> <i>Кіші қызметкерлер</i>			

«Оқу марафоны» айы

Р/С	Өткізілетін іс- шара түрі	Мақсаты	Уақыты	Жауаптылар
1	Абайдың қара сөздері <i>7-11 сыныптар</i> <i>Мектептің барлық қызметкерлері</i>	Қара сөздерді мәнерлеп оқу, қара сөздерді, нақыл сөздерді танып – білу, нақыл сөздің мәнін бүгінгі өмірмен байланыстыру. Оқырмандардың қара сөздерді жатқа айту арқылы сөзді қоры молаяды, дүниетанымы артады, өз ойларынан нақыл сөздер, өлең құрастыру арқылы шығармашылық қабілеті артады.	Қараша	Ағылшын және орыс тілі пән мұғалімдері

«Физика ғажайып ертегілер елінде» айы

Р/С	Өткізілетін іс- шара түрі	Мақсаты	Уақыты	Жауаптылар
1	Аңыз әңгімелер, Хайуанаттар туралы ертегілер, Тұрмыс салт ертегілері, Қиял-ғажайып ертегілер Б.Даулетбаева; Б.Хасанова Талап Сұлтанбеков «Ғажайып планета» <i>7-8 сыныптар</i>	Аңыз-әңгімеле, ертегілер туралы алған білімдерін кеңейте отырып, сөйлеу тілін дамыту. Оқушылардың тіл байлықтарын арттырып, ұтқыр да ойлы сөйлеуге баулу. Аңыз әңгімелер арқылы ұлы адамдар өмірін өнеге ете отырып, адам бойындағы жақсы қасиеттерді сіңіру.	Желтоқсан	Физика және информатика мұғалімдері

«Бабалар үні» айы

P/C	Өткізілетін іс- шара түрі	Мақсаты	Уақыты	Жауаптылар
1	Шешендік сөздер <i>7 сыныптар</i>	Атадан қалған ұлағатты, ғибрат аларлық сөздерді ұғындыру, сол сөздерден өнеге алуға баулу. Оқырмандар бойына халқымыздың рухани құндылығымызды сіңірте отырып ата дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеу	Қаңтар	Қоғамдық бірлестігі
2	Лиро эпостық жырлар <i>8 сыныптар</i>			
3	Тарихи және күй аңыздар <i>9 сыныптар</i>			
4	Батырлық жыр дастандар 1,2 кітап <i>10 сыныптар</i>			
5	Тұрсын Жұртбай «Құнанбай» Дандай Ысқақұлы «Абай тағлымы» Мұхтар Әуезов «Қазақ рухы» <i>Мектеп қызметкерлері</i>			

«Бақылау биржасы» айы

P/C	Өткізілетін іс- шара түрі	Мақсаты	Уақыты	Жауаптылар
1	Ахмет Байтұрсынов «Қырық мысал» <i>7 сыныптар</i>	Оқырмандардың білімге деген құштарлығын арттыру, қызықтыру арқылы білімін тереңдету, зияткерлік қабілетін дамыту.	Ақпан	Математика пән мұғалімдері
2	Есепке жүйрік болайық <i>8 сыныптар</i>			
3	Әлихан Жақсылық «Төрт мұхит» <i>9 сыныптар</i>			
4	Әмірхан Балқыбек «Сынған сәуленің шағылысуы» <i>10 сыныптар</i>			
5				

«Әдеби дефиле» айы

P/C	Өткізілетін іс- шара түрі	Мақсаты	Уақыты	Жауаптылар
1	С.Медеубек «Ою хан мен Жою хан» 7 сыныптар	Оқырмандарды ақын шығармашылығын сүйіп оқуға, олардың өмір жолдарымен танысып, білім-ғылымға құмарлықтарын арттыру.	Наурыз	Курағолар
2	Смағұл Елубай «Балалық шақ баяны» 8 сыныптар			
3	Ақберен Елгезек «Болмағанбалалық шақ» 9 сыныптар			
4	О.Бөкей «Тортай мінер ақ бозат» 10 сыныптар			
5	Ә.Салықбай «Наркескен» О.Бөкей «Атаукере» Талап Сұлтанбеков «Сасырдың сүті» Мектеп қызметкерлері			

«Биология әлемінде» айы

P/C	Өткізілетін іс- шара түрі	Мақсаты	Уақыты	Жауаптылар
	Бекен Ыбырайым «Аспандағы саяхат» 7 сыныптар	Оқырмандардың биология пәнге деген қызығушылығын артырып, оларды ізденуге, алғырлыққа, тапқырлыққа баулу. Кітап – сарқылмас рухани қазына екенін, білімнің тек қана кітап арқылы берілетінін ұғындыру; кітаптың адам өміріндегі маңызы, кітапқа деген қызығушылығын арттыру,	Сәуір	Биология және химия пән мұғалімдері
	Нұрлан Қами «Қар адамы» 8 сыныптар			
	Нұрлан Оразалин «Аққұс туралы аңыз» 9 сыныптар			
	Оралхан Бөкей «Қасқыр ұлыған түн» 10 сыныптар			
	Кәдірбек Сегізбайұлы «Жылдың ең қысқа күндері» Шынғыс Айтматов «Қызыл алма» Мектеп қызметкерлері			

«Библиофреш» айы

P/C	Өткізілетін іс- шара түрі	Мақсаты	Уақыты	Жауаптылар
1	Сәуле Досжан «Біртуар» <i>7 сыныптар</i>	Жазушының шығармаларымен таныса отырып оқырманның кітап оқуына қызығушылығын арттыру. Тіл байлығын, сөйлеу мәдениетін, өз пікірін айтуға дағдыландыру. Кітаптың адам өміріндегі маңызы екенін және кітапқа деген қызығушылығын арттыру	Мамыр	Кітапханашылар Кіші қызметкерлер
2	Г.Амангелдіқызы «Раушангүл» <i>8 сыныптар</i>			
3	Бейімбет Майлин «Қанды тұман» <i>9 сыныптар</i>			
4	Бауыржан Момышұлы «Адам қайраты» <i>10 сыныптар</i>			
5	Дулат Исбеков «Ай- Петри ақиқаты» Жұмабай Біләлұлы «Қиян шет» Ә.Нұршайықов «Мәңгілік махаббат жыры» Думан Рамазан «Құса» <i>Мектеп қызметкерлері</i>			